

**Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот
төрағасы Ж.Қ.Асановқа**

Қызылорда облыстық сотының
төрағасы Қ.Ж.Нұрышовқа

Қызылорда қаласы,

А.Б.Қуандықов

АЛҒЫС

21.08.2021 жылы инспектор А.Б.Ержанов деген тұлға, жұмыс орны мен лауазымын көрсетпей, ҚР ӘҚБтК-нің 802-бабы 2-бөлігінің талабын бұзып, менің сыртымнан қатыстырмай, ескертпей, қорғаушы қамтамасыз етпей, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізу рәсімдерін сақтамай және осы Кодекстің қағидаттарын бұзып іс жүргізіп, менің заңсыз тоқтап тұрған атокөлігім бойынша, көрсеткіш жасау үшін ҚР ӘҚБтК-нің 590-бабы 5-бөлігімен электрондық әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырған және заңмен кепілдік берілген құқықтарымнан айырған.

10.09.2021 жыл Қызылорда қаласының мамандандырылған әкімшілік сот судьясы Г.Искакова, менің ҚР ӘҚБтК-нің 44-тарауына сәйкес берген шағымымды қарап, менің бұзылған құқым мен бостандығымды қалпына келтіріп, құқықты сауатты және әділ сот актісін шығарып, инспектор А.Б.Ержанов деген тұлға заңсыз толтырған әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманың күшін жойды және аталған лауазым иесіне жекеше қаулы шығарды.

Мен судья Г.Искакованың халық сенімін ақтау және сот беделін көтеру үшін шығарған әділетті сот актісі бойынша алғыс айтамын.

Судья Г.Искакованың әділетті сот актісі ҚР Президентінің Қ.Ж.Тоқаевтың құқықты сауатты және сапалы сот актісін шығару жөніндегі тапсырмасын орындағанының бір белгісі деп санаймын және Сіздің жасап жатқан ерен еңбегіңіздің нәтижесі деп түсінемін.

А.Б.Қуандықов:

М.Ахметов

15.09.2021 жыл